

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 531

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне және Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мекемелер алған жылу энергиясы үшін пайда болған берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті Семей жылу электр орталығына мемлекеттік резервтен 27522 мың (жиырма жеті миллион бес жүз жиырма екі мың) теңге сомаға осы жылу электр орталығының жауапты сақтауындағы 31,3 мың тонна көмірді босатсын.

2. Семей облысының әкімі мемлекеттік резервтен алған көмір құнының есебіне жылу энергиясы үшін:

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Семей облысы жөніндегі басқармасының 3215 мың (үш миллион екі жүз он бес мың) теңге сомасындағы;

Семей облысының аумағында орналасқан қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің 23707 (жиырма үш миллион жеті жүз жеті мың) теңге сомасындағы;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетінің жүйесіндегі "Балқаш" кәсіпорнының 600 мың (алты жүз мың) теңге сомасындағы берешектерін жабуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген сомаларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетін және Ішкі істер министрлігін қаржыландыру есебіне есептесін, аталған мекемелерді ұстау жөніндегі босаған қаражатты мемлекеттік резерв қорын толықтыруға аударсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі